

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту  
басқармасының Төлеби ауданының адами әлеуетті  
дамыту бөлімінің «Балаби» бөбекжайы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

**01-16**

**2022-2023 оқу жылының  
Әкімшілік жаңындағы  
кеңестің хаттамалары.**

**5 жыл 16 тармақ (14)**

**Әкімшілік жиналыс хаттамасы**  
**№1 хаттама**

**Откізілген күні:** 05 – қыркүйек 2022 жыл.

**Катысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруашылық ісі менгерушісі, психолог және бөбекжай тәрбиешілері

**Катысқандар саны: 15**

**Катыспағандар саны: жоқ**

**Себептісі:** Себепсізі:

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
- 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
- Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
- Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ересек топтарда

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай менгерушісі Ахметова Ләzzat Абдиқалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сейледі:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері М.Саурамбаева сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтЫП, таныстыруды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыруды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № КР ДСМ-59 бүйрығы, Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бүйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

**Жарыссызге шыккандар:** медбике Токтыбаева Дина сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көніл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сактауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші Г. Өсер сөйлеп, биылғы оку жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрап қойып, жауап алды.

**Сойледі:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың музика жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жаңа оку жылында жабық форматта, ата – аナンЫҢ катысуынсыз өтіп, барлық топтың жас

ерекшеліктеріне қарай Білім күнінің маңыздылығы, мәні туралы тақырыптық сабак өткізілгенін айтып, өткізілген тәрбие жұмысының мақсаты мен барысы айтып туралы айтты өтті.

**Жарыссе зеңгілдердегі шыққандар:** әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, карантиндік шектеу шаралары кезеңінде оку – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек екені жайлы ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі ұшінші мәселе** бойынша бөбекжайдың музика жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, жыл бойы өтілетін ертенгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырыды. Педагогтар әр топта өтілетін ертенгіліктерді бекітілсін деген ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі тәртінші мәселе** бойынша бөбекжайдың әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлы айтты. Ересек «Балауса» және «Балауса» топтарында үлгілік оку бағдарламасын балалардың менгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың өз алдына жұмыс істеу қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата- аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін барлық оку – тәрбие жұмыстары салыстырылып, анықтамасы жазылғанын және оку жылының ортасында тағы да салыстыру жұмыстары болатынын айтты.

#### Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Бөбекжайдың оку – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертенгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылысын

Бөбекжай менгерушісі:  
Хатшы:



Ахметова Л.А  
Саурамбаева М.Б

**Әкімшілік жиналыс хаттамасы**  
**№2 хаттама**

**Откізілген күні:** 10 – қазан. 2022 жыл.

**Катысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова, әдіскер, музика жетекшісі, психолог және тәрбиешілер

**Катысқандар саны:** 12

**Катыспағандар саны:** 1

**Себептісі:** 1 Себепсізі: жок

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына .сәйкес ұйымдастырылған оку қызметтер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
- 2.Ұйымдастырылған оку қызметі мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

**Тындалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай менгерушісі Ахметова Ләzzат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері М.Б.Саурамбаева сөйлеп, мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған оку жоспары қызметі жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта оку қызметінің жоспары қалай құрылатыны көрсетіледі.Кіріспе бөлімде тәрбиеші балаларды ұйымдастырып,өткен оку қызметін естеріне түсіріп қайталайды .Негізгі бөлімде жаңа оку қызметімен таныстырып үйретеді,сергіту сәтін,тапсырмалар өткізеді.

Корытындыда оку қызметін пысықтап, дидактикалық ойын арқылы қорытындылайды деді.Осы жазылу үлгісіне қарап, оку қызметін өткізу керектігін түсіндірді.Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар,жұмыстар жоспарланатынын айттып өтті.

**Жарыссе зге шыққандар:** Тәрбиеші О.Есимбаева сөйлеп, вариативтік компонент бөлімін циклограммандың қай уақытына жоспарлайтыны туралы сұрақ қойып жауап алды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша менгеруші Л.А.Ахметова сөйлеп, ұйымдастырылған оку қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе ,күнделікті оку қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты.Оку қызметтері

оку қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оку қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескеरту айтылады.

### Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Оку қызметтердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндettі білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ұйымдастырылған оку қызметі мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын

Бебекжай менгерушісі:  
Хатшы:



**Әкімшілік жинальстың мәжіліс хаттамасы**  
**№3 хаттама**

**Откізілген күні:** 01 – караша 2022 жыл

**Катысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруашылық ісі менгерушісі, психолог және бөбекжай тәрбиешілері

**Катысқандар саны:** 15

**Катыспағандар саны:** 2

**Себептісі:** 2 **Себепсізі:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы .Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел. «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

**Тындалды:** Әкімшілік жинальсты бөбекжай менгерушісі Ахметова Ләzzat Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Токтыбаева Дина сөйлеп балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айттып қорытындылады. Казіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты.Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады.Қол сұрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті.

Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп түр.Топтардың,жатын бөлмелердің,асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты.Күнделікті ылғалды тазалау,аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындаамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп,түзетілді деп айтты.Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын,тырнақтарының өспеуін,шаштарының тазалығын қарауды тапсырды.Қолдарын таза жууды, антисептик қолдануды, бір реттік сұлгіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты..

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің мақсаттарымен, өткізу барысымен таныстырыды. Сценарий бойынша балалар қандай әндер айтып, билер, тақпактар, ойындар ойналғанын айтты. Ертеңгілікке санитарлық талаптар сақталынып, ата – ананың қатысуының айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші: Шорбасова Г. ертеңгіліктің өте қызықты өткенін, барлығына ұнағанын айтты. Тәрбиеші: Есимбаева О. ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте керемет болғанын айтты. Әдіскер М.Саурамбаева ертеңгіліктің сценарий жақсы құрылғанын, балалар күз мезгілінің берекесін, молшылық, көп өнім беретінін түсініп, қызықты өтілгенін атап өтті. Ертеңгілік мақсатына жетті деп санаймын.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжайдың әдіскері М.Саурамбаева «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтетінін айтып, жаңартылған бағдарламаның әдіс – тәсілдерімен пікір бөлісуге шақырды.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші: Шамшиева Камшат сөйлеп, Педагогикалық шеберлік орталығында білімін жетілдіріп келгенін, курсаты оқыған 4К моделінің бағыттары сынни ойлау, командамен жұмыс, креативті ойлау, коммуникативті дағдыны оку қызметтерінде қалай қолдану керектігі жайлы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Адишева Замира педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрымдалған ойын, еркін ойындардың қалай ойналатыны туралы бөлісті.

Шеберлік орталығында білімін жетілдірген педагогтардың барлығы өз тәжірибесімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

### **Әкімшілік жинальстың шешімі:**

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жағастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары ұйымдастырылған оку қызметтерінде қолданылсын.

**Бөбекжай менгерушісі:**  
Хатшы:



## **Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**

### **№4 хаттама**

**Откізілген күні:** 02- желтоқсан. 2022 - жыл.

**Катысқандар:** Бебекжай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Катыспағандар саны:** жоқ

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
3. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық тақырыптық оку қызметтерін бекіту
4. "Ата -Әке - бала" отбасылық спорттық сайысының қорытындысы

**Тындалды:** Жиналысты бебекжай менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы бебекжай медбикесі Дина Токтыбаева сөйлемді.Бебекжай қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айттып, ережемен таныстырды.Балаларды серуенге алып шығар алдында ойын алыңының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндетті түрде тексеріп шығу керек.Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді.Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ынғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші О.Есимбаева сөйлеп, қыс мезгілінде балаларды серуенге алып шыққанда балаларды киіндіруге кіші топтарға көп уакыт кететіндіктен, пән мұғалімдері киіндірісуге көмек берсе деген ұсыныс айтты. Ұсынысты қызметкерлер түгел қолдады.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бебекжай медбикесі Дина Токтыбаева сөйлеп балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айттып қорытындылады. Казіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты.Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сұрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті. Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп түр. Топтардың, жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, алтасына құрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындашынан қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты. Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша музика жетекшісі Б.Баялиев «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертенгіліктердің сценарийлерінің мақсатымен, барысымен таныстыруды. Тәуелсіздік - тірегім ертеңгілігінде балалар Отан, Қазакстан, түсіндіріліп, балалардың катысуымен көрініс дайындалуда. Жаңа жылдық түсіндіріліп, балалардың катысуымен көрініс дайындалуда. Жаңа жылдық өртегі ертенгіліктерге Аяз ата, Ақшакар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. өртегі кейіпкерлері өртегі желісі бойынша сценариймен катысады. Сонымен қатар қандай билер, ойындар, көріністер дайындалып жатқанын айтып, балалар, кейіпкерлер костюмдері туралы ой бөлісіп, кенесті.**

**Жарыссөзге шыққандар:** әдіскер **М.Саурамбаева** сөйлеп, ертенгіліктердің сценарийлері қызықты және тәрбиелі екенін айттып, бекітуге ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе "Ата ,Әке - бала"** отбасылық спорттық сайысы өткізілуі туралы Мектепалды даярлық "Балдәурен" тобының тәрбиешісі Л.Байзакова сөйлеп, отбасылық спорттық сайысың барысымен, мақсатымен таныстыруды. Сайыста қандай жарыс түрлерін өткізгендерін айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** психолог **Г.Шорбасова** сөйлеп, отбасылық сайыстың жақсы дәрежеде өткізуін, ата - аналар балаларымен белсенді катысканын, өйткені дұрыс ұйымдастыра білген деген ұсыныс айтты.

**Менгеруші Л.А. Ахметова** сөйлеп, жарыстың талапқа сай, қауіпсіздік ережесі сақталып өтілгенімен қатар, эстафеттық ойындар қызықты, дұрыс таңдалып алынған деген пікір айттып, жақсы деген баға берді.

**Тәрбиеші З.Адишева** сөйлеп, спорттық сайыстың өткізілуінен өзіне біраз тәжірибе алғанын айттып, жақсы деп бағалады.

### **Әкімшілік жинальыстың шешімі:**

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жаракаттанбауына арналған нұсқаулықтар әрдайым сақталынсын.
3. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық Жаңа жылдық тақырыптық оқу қызметтердің сценарийлері бекітілсін.
4. «Ата, Әке - бала» отбасылық спорттық сайысының қорытындысы "жақсы деп бағалансын.

**Бебекжай менгерушісі:**  
**Хатшы:**



**Л.А.Ахметова  
М.Б.Саурамбаева**

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**  
**№5 хаттама**

**Откізілген күні:** 06.01.2023 жыл.

**Катысқандар:** Бебекжай менгерушісі Л.А.Ахметова, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және бебекжай тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Катысқандар саны:** 17

**Катыспағандар саны:** 0

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық оқу қызметінің қорытындысы
2. Табиғат бұрышының жағдайы

**Тындалды:** Менгеруші жаңындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сейледі:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе балабақша музика жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстыруды."Тәуелсіздік - тірегім" ертеңгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орынданап, тақпактар айтып, белсене қатысты.Билер биледі және ұлттық киімдер киіп, киімдермен қатысты.Тәуелсіздіктің мағынасы түсіндіріліп, балалардың қатысуымен көрініс көрсетілді.Көрініске тәрбиешілермен бірге балалар да қатысты. Желтоқсан оқиғасынан үзінді қойылды.Балаларға түсінікті түрде жас ерекшеліктерні сай дайындалды .Ал жаңа жылдық ертеңгіліктер карантинге байланысты өткізілмегендігін айтты. Ата – аналар қатыстырылмай әр топта бөлек – бөлек оқу қызметі турінде өткізілді. Оқу қызметтеріне Аяз ата, Ақшакар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындағып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші **Л.Байзакова** сөйлеп, «Тәуелсіздік- тірегім» атты ертеңгіліктің үйымдастырылуы керемет болғанын және Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы айтқаны балалардың туган жер туралы білімдерін кеңейтті деп санаймын деді.Жаңа жылдық оқу қызметтері әрине көнілді, қызық өтілді.Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

**Тәрбиеші К.Шамшиева** Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгіліктің мән - мағынасы ертеңгілік барысында ашып көрсетілді, балалардың өз мемлекетімізге деген мақтаныш сезімдері оянды деп айтты.Жаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтерінкі көніл - күй куаныш сыйлайтында жақсы дәрежеде өтілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айттып өтті.

**Педагог - психолог Г.Шорбасова** Ертеңгіліктер барысында балалардың тек Тәуелсіздік туралы түсініктері қалыптасып қоймай, сахнада

қалай тұруды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты. Балалардың би билеп, ән айта білуіне аөп көмегі тиді деді. Музыка жетекшісі Г.Бекишеваның еңбегі көп екенін айттып, ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

**Бебекжай менгерушісі Л.А.Ахметова** сөйлемп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айттып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртіндегі екінші мәселе бойынша бебекжай әдіскер** М.Саурамбаева сөйлемп, бебекжайды табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме ғұлдері, ғұлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүргүде деді. Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр. Жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырсақ деген ұсыныс айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** Э.Алшымбаева табиғат бұрышына арнайы каржы бөлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа камқор болуга үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға камкоршылық кеңеске ұсыныс тастап, демеушілер тарапынан ұйымдастырысақ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

**Сөйледі: күн тәртіндегі үшінші мәселе бойынша бебекжайдың әдіскері** М.Саурамбаева сөйлемп, «Серуен картотекаларының жиынтығы» атты тақырыптық бакылау нәтижесі туралы сөйледі.. Серуен картотекаларын барлық топ тәрбиешілері дайындал, әр жыл мезгіліне сай жасалып қандай бакылау, еңбек, ойын түрлері өткізілетіні жоспарланғаны дайындалғанын айтты. Тақырыптық бакылау нәтижесі жақсы деп қорытыланды.

#### **Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтардағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштар Қамкоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілсін.



**Бебекжай менгерушісі:**  
**Хатшы:**

**Л.А.Ахметова**  
**М.Б.Саурамбаева**

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**  
**№6 хаттама**  
**«Балаби» бөбекжайы**

**Откізілген күні:** 07- ақпан . 2023 - жыл.

**Катысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Катысқандар саны: 25**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.«Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамактың сапасын бақылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

**Тындалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі сөйлеп, «Армысың қарлы қыс!» ойын – сауығының мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырыды. Ойын – сауыққа Аққала, Сайқымазақ келіп сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза қысқы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші Шамшиева Камшат сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, қармен ойнап денсаулықтарын шынықтырыды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

**Тәрбиеші Шорбасова Гаухар** ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын және таң қалдыру сәтіне Аққала келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айттып өтті.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бөбекжай кәсіподак комитетінің төрайымы Адишева Замира сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамактың сапасын кәсіподак мүшелерінің бақылауларының нәтижесін айтты. Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып, бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады. Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамактардың таратылу кестесі құрылған, бірақ тәрбиеші көмекшілері кей уақытта өз

уақытынан ерте келіп тұратынын айтып, уақтылы тамақ алуға ескеरту берілгенін айтты.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бебекжайдың әдіскері Саурамбаева Майра сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау жасады. Балалардың шығармашылық жұмыстары оку қызметі өтіліп, қорытынды жасалып болған соң, ата – анаға көрінетіндей жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі оку қызметіне дейін ілулі тұратынын айтты. Балалалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысқаны жазылып тігіліп қойылғанын айтты. Әр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.**

1. «Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауығы өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сакталынсын.
3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

**Әкімшілік жиналыстың шешімі:**

**Бебекжай менгерушісі:**

**Л.А.Ахметова**

**Хатшы:**

**М.Б.Саурамбаева**



**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**  
**№7 хаттама**

**«Балаби » бебекшайы**

**Откізілген күні:** 06 - наурыз . 2023 - жыл.

**Катыскандар:** Бебекшай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар ,балабакша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Катыскандар саны: 25**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық корғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабакшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты Бебекшай менгерушісі Ахметова Лazzat Абықалыккызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе балабакша музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценарийімен таныстыруды. Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындастынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлыштыруға ақылдасты. Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлада отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айттып келісті.

**Жарыссөзге шыққандар:** әдіскер Саурамбаева Майра сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бүйімдардан ойыншық немесе ұлттық бүйім берілсе деген ой айтты. Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

**Тәрбиеші Байзакова Лаура** сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ койып, сұрағына жауап алды.

**Менгеруші Ахметова Лazzat Абықалыккызы** сөйлеп, еліміздегі шектеу шараларына байланысты ертеңгілікке ата – аналардың қатыспайтынын және балалардың көрсеткен өнерлерін ата – аналардың чатына салуды тапсыруды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекшайдың шаруа менгерушісі Ергеш Карина сөйлеп, азаматтық корғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстыруды. Бебекшайда әр оқу жылының басында азаматтық корғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда калай сактану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда

кімдер неге жауапты болатынын айтып берді. Апат кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдарен сөйлеспеу, шақырса бармау, тәтті берсе жемеу, от шығатын заттармен, қауіпті заттарен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

**Жарыссе зге шыққандар:** педагог – психолог Шорбасова Гаухар өрт сөндіргіш баллонды қалай қолдану жайлы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

**Сейледі: құн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша медбике Токтыбаева Дина сөйлеп, балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сұрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айтылып кететінін айтты.

### Әкімшілік жиналыстын шешімі:

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийі бекітіліп, қашықтықтан өткізілсін.
2. Азаматтық қорғаныска байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы » деп бағалансын.
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Бебекжай менгерушісі:  
Хатшы:



Ахметова Л.А  
Саурамбаева М.Б

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы**  
**№8 хаттама**

«Балаби» бобекжайы

Откізілген күні: 04 - сәуір . 2022 - жыл.

Катыскандар: Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Катыскандар саны: 29

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

**Тыңдалды:** Әкімшілік жиналысты бөбекжай менгерушісі Ахметова Лazzat Абықалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе балабақша музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Қош келдің Наурыз!» мерекесіне арналып өтілген ойын – сауықтың қорытындысын айтып өтті. Сценарийде жоспарланған ойындардың барлығы кейіпкерлердің катысуымен өткізілгенін және балаларға ұнағанын, көнілді болғанын айтты. Сонымен бірге Наурыздың мән – мағынасы таныстырылып, Қызыр баба келіп, балаларға батасын берді деді.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші Байзакова Лаура Ұлыстың ұлы күніне балалар ұлттық ойындар ойнап, салт – дәстүр туралы білуге қызығушылықтары оянды деп санаймын деді. Сонымен қатар салт – дәстүрдің көріністерін балаларға көрсеткені дұрыс болды деп санаймын деді..

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа менгерушісі Ергеш Карина сөйлеп, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстырыды. Гүл еgetін клумбалар аударылып өнделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қопсытып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп істеп, бөбекжай ауласын көркейтуге шақырды.

**Жарыссе зге шыққандар:** бөбекжай менгерушісі Ахметова Лazzat Абықалыққызы бөбекжай ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көніл – күй сыйлайтынын айтты.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау туралы айтты. Бакылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе ,күнделікті оқу қызметтерінің өткізуін бакылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс ,ескерту айттылады.

**Менгеруші алдындағы кеңестің шешімі:**

- 1.Наурыз мерекесіне арналған ойын – сауық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
- 2.Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар бойынша кесте құрылыш, жұмыстар жүргізілсін.
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оку қызметіне даярлықты бақылау жалғастырылсын.

**Бебекжай менгерушісі:**  
**Хатшы:**



## **Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы.**

### **№9 хаттама**

**«Балаби» бөбекжайы**

**Откізілген күні:** 30 – мамыр 2023 - жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, бөбекжай тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны: 23**

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды күммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

**Тындалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай менгерушісі Ахметова Лаззат Абдиқалықкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша ересек «Балауса » тобының тәрбиешісі Алшымбаева Эльмира «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтінде Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеке жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп отkenін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстағанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

**Жарыссеозге шыққандар:** тәрбиеші Асемова Назгул ойын- сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын.

**Тәрбиеші :** Қамытбекова Ұлбосын «Жолда журу ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолақтан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айттып өтті.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Балдәурен » тобының тәрбиешісі Байзакова Лаура сөйлеп, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілігінің сценариймен, барысымен таныстыруды. Ертеңгілікте балалармен жыл бойы дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, такпактарын айттып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкерлеріне алғыстарын білдіреді.

**Жарыссөзге шыққандар:** ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі Абуова Ақмарал сөйлеп, бұл ертенгілікке балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері үйымдастырылған оқу қызметінен әртүрлі тапсырмалар орындала, дидактикалық ойындар қосылатынын айтты.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша музика жетекшісі сөйлеп, 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Мен бақытты балдырған» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, турлі қызықты ойындар ойнатылытын айттып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжай әдіскері Саурамбаева Майра «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өтетінін, санитариалық талаптарды, ара қашықтықты қатаң сақтай отырып, барлық балалары қатысадының және бұлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айттып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі төртінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Саурамбаева Майра жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстыруды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан колдады.

**Жарыссөзге шыққандар:** шаруа менгерушісі Ергеш Карина жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

### **Әкімшілік жинальыстың шешімі:**

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.
3. «1 маусым -Балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийі бекітілсін.
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

**Бөбекжай менгерушісі:  
Хатшы:**



**Ахметова Л.А  
Саурамбаева М.Б**